Әділет

## Солтүстік Қазақстан облысы шегіндегі 2018-2027 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 29 тамыздағы № 24/4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 қазанда № 4905 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2023 жылғы 30 маусымдағы № 4/14 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 30.06.2023 № 4/14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық Кодексінің 19-бабы 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабы 4-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы шегіндегі 2018-2027 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихат аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электрондық түрдегі қазақ және орыс тіліндегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы - Солтүстік Қазақстан аймақтық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы шешім ресми жарияланған соң оны Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихат сессиясының төрайымы* — *Р. Әбдірахманова*

*Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының хатшысы* — *В. Бубенко*

2018 жылғы 29 тамыздағы № 24/4
Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихатының шешіміне қосымша

# Солтүстік Қазақстан облысы шегіндегі 2018-2027 жылдарға арналған қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері

| Зерттеу объектісі | Нысаналы көрсеткіштер | Нормаланған көрсеткіштер | Нысаналы көрсеткіштер | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Бекітілген сәтінде (2018 жыл) | 3 жылдан кейін (2020 жылға қарай) | 6 жылдан кейін (2023 жылға қарай) | 10 жылдан кейін (2027 жылға қарай) |
| Атмосфералық ауа | | | | | | |
| Петропавл қаласы | | | | | | |
| Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының стационарлық байқау пункттері бойынша: № 1 пункт (Ш. Уәлиханов атындағы көше, 19 Б үй); № 3 пункт (М. Жұмабаев атындағы көше, 101 А үй); № 5 пункт (Парк көшесі, 57А үй); | Азот диоксиді | Ластаушы заттардың орташа тәулікті шекті жол берілетін шоғырлануы =0,04 текше метрге миллиграмм | 0,017 текше метрге миллиграмм 0,41 ластаушы заттардың орташа тәулікті шекті жол берілетін шоғырлануы | 0,017 текше метрге миллиграмм 0,41 ластаушы заттардың орташа тәулікті шекті жол берілетін шоғырлануы | 0,017 текше метрге миллиграмм 0,41 ластаушы заттардың орташа тәулікті шекті жол берілетін шоғырлануы | 0,017 текше метрге миллиграмм 0,41 ластаушы заттардың орташа тәулікті шекті жол берілетін шоғырлануы |
| | Көміртек оксиді | Ластаушы заттардың орташа тәулікті шекті жол берілетін шоғырлануы = 3,0 текше метрге миллиграмм | 1,0 текше метрге миллиграмм 0,3 ластаушы заттардың орташа тәулікті шекті жол берілетін шоғырлануы | 1,0 текше метрге миллиграмм 0,3 ластаушы заттардың орташа тәулікті шекті жол берілетін шоғырлануы | 1,0 текше метрге миллиграмм 0,3 ластаушы заттардың орташа тәулікті шекті жол берілетін шоғырлануы | 1,0 текше метрге миллиграмм 0,3 ластаушы заттардың орташа тәулікті шекті жол берілетін шоғырлануы |
| | Күкірт диоксиді | Ластаушы заттардың орташа тәулікті шекті жол берілетін шоғырлануы = 0,05 текше метрге миллиграмм | 0,016 текше метрге миллиграмм 0,319 ластаушы заттардың орташа тәулікті шекті жол берілетін шоғырлануы | 0,016 текше метрге миллиграмм 0,319 ластаушы заттардың орташа тәулікті шекті жол берілетін шоғырлануы | 0,016 текше метрге миллиграмм 0,319 ластаушы заттардың орташа тәулікті шекті жол берілетін шоғырлануы | 0,016 текше метрге миллиграмм 0,319 ластаушы заттардың орташа тәулікті шекті жол берілетін шоғырлануы |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| № 6 пункт ( Жәлел Қизатов атындағы көше, 3Т үй). | Күкіртті сутек | Ластаушы заттардың шекті жол берілетін максималды бір реттік шоғырлануы =0,008 текше метрге миллиграмм | 0,221 текше метрге миллиграмм 27,7 ластаушы заттардың шекті жол берілетін максималды бір реттік шоғырлануы | 0,12 текше метрге миллиграмм 15,0 ластаушы заттардың шекті жол берілетін максималды бір реттік шоғырлануы | 0,04 текше метрге миллиграмм 5,0 ластаушы заттардың шекті жол берілетін максималды бір реттік шоғырлануы | 0,008 текше метрге миллиграмм 1,0 ластаушы заттардың шекті жол берілетін максималды бір реттік шоғырлануы |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК